

Теректі ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 20-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 30 желтоқсанда № 7481-07 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 - тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес, Теректі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін 2025 жылға туристік жарнаның мөлшерлемелері болу құнынаң - 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Теректі аудандық мәслихатының төрағасы

А. Нургалиев